

Торайғыров университетінің
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
Торайғыров университета

ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ ХАБАРШЫСЫ

Филологиялық серия
1997 жылдан бастап шығады



ВЕСТНИК ТОРАЙҒЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА

Филологическая серия
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 4 (2025)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

Филологическая серия

выходит 4 раза в год

СВИДЕТЕЛЬСТВО

О постановке на переучет периодического печатного издания,
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития
Республики Казахстан

Тематическая направленность

публикация материалов в области филологии

Подписной индекс – 76132

<https://doi.org/10.48081/XXBV9378>

Бас редакторы – главный редактор

Жусупов Н. К.

д.ф.н., профессор

Заместитель главного редактора

Анесова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

Редакция алқасы – Редакционная коллегия

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/LRSO1014>

**Н. Ж. Мырзабек¹, *Ш. А. Кыяхметова²,
М. Т. Джакыпбекова³**

^{1,2,3}І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті,
Қазақстан Республикасы, Талдықорған қ.

¹ORCID: <https://orcid.org/0009-0000-0438-7562>

²ORCID: <http://orcid.org/0000-0001-9886-471X>

³ORCID: <https://orcid.org/0000-0001-6375-5257>

*e-mail: aset_shara@mail.ru

ИЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ АНТРОПОНИМДЕРДІҢ ТАРИХИ-ЭТИМОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТЫ

Мақалада Илияс Жансүгіровтің өлеңдері мен поэмаларында кездесетін антропонимдік атаулар жинақталып, олардың көркем шығармадағы ролі мен тарихи-этимологиялық шығу төркіні, уәжділігі мен семантикалық қабаттары жан-жақты қарастырылды. Әрбір есімнің мағыналық негізі, мәдени-тарихи арқауы зерттеліп, ұлттық тілдік санадағы орны сипатталды. Ақын қолданған кісі есімдері халқымыздың дүниетанымымен, салт-дәстүрімен, этнографиялық болмысымен тығыз байланысты екендігі талданды. Кісі есімдері мазмұндық тұрғыдан бірнеше бағыт бойынша қарастырылды: түрлі наным-сенімдерден туындаған есімдер; тіл-көз бен түрлі жамандықтан қорғау мақсатында қойылған кісі аттары; ұзақ ғұмыр мен бақ-береке тілеуге байланысты қойылған есімдер; төрт түлік мал жабайы аңдар мен құстарға байланысты антропонимдер; асыл металдар мен қымбат зат атауларынан туындаған есімдер; әлеуметтік топтар мен этникалық құрамды бейнелейтін ру атауларынан өрбіген антропонимдер. Мұндай жіктеу ақын шығармаларындағы антропонимдердің тек тілдік емес, сонымен қатар мәдени, тарихи және дүниетанымдық қырларын ашуға мол мүмкіндік берді. Зерттеу нәтижесінде І. Жансүгіровтің поэзиясындағы антропонимдер қазақ халқының дүниетанымы мен әлеуметтік-мәдени тәжірибесінің айнасы екендігі айқындалды. Ақын пайдаланған есімдер арқылы ұлттық тарих, этнолингвистикалық

таным және рухани құндылықтар көрініс табатыны дәлелденді. Осы орайда, Ілияс Жансүгіров поэзиясындағы антропонимдер қазақ ономастикасының көркемдік өрісін кеңейтіп, ұлттық мәдениет пен рухани мұраның байланысы мен сабақтастығын айқын танытатын құнды тілдік-мәдени дерек көзі екені танылды.

Кілтті сөздер: антропоним, ономастика, этимология, кісі есімдері, ұлттық дүниетаным, этнолингвистика.

Кіріспе

Қазақ ономастикалық кеңістігінде саны бойынша да, әлеуметтік қызметі мен маңызы жағынан да ерекше орын алатын жалқы есімдердің бір түрі – антропонимдер болып саналады. Ал антропонимияның зерттеу нысанына кісі аттары, әкесінің аты, тегінің атауы, ру аттары, лақап аттар, бүркеншік аттар мен криптонимдер жатады [1, 14-б.]. Көркем шығармалардағы антропонимдер кейіпкерді даралау қызметімен қатар белгілі бір тарихи кезеңнің тарихи-әлеуметтік жағдайын, этнографиялық ерекшеліктерін бейнелейтін, халықтың дүниетанымы мен рухани құндылықтарын келесі ұрпаққа жеткізетін мәдени код болып табылады.

«Этимология – (грек. *etymon* ақиқат, сөздің шын мағынасы, *logos* ілім) – салыстырмалы-тарихи әдіске сүйене отырып, шығу тегі көмескіленген, туыстық байланысы жоғалған сөздер мен морфемаларды қалыпқа келтірумен шұғылданатын тарихи лексикологияның бір саласы» [2, 408-б.].

Ілияс Жансүгіров шығармаларында кездесетін антропонимдерді тарихи-этимологиялық тұрғыдан зерттеу – ақын мұрасының тарихи-мәдени табиғатын тереңірек түсінуге жол ашады. Біріншіден, ақын поэзиясында қолданылған кісі есімдері – қазақ халқының тарихи жады мен этномәдени тәжірибесін бейнелейтін тілдік бірліктер. Екіншіден, олардың шығу төркіні мен мағынасына үңілу арқылы халықтың көне дүниетанымы, әлеуметтік құрылымы, дәстүрлі өмір салты жөнінде құнды мәліметтер алуға болады. Үшіншіден, Жансүгіров мәтіндеріндегі антропонимдерді этимологиялық тұрғыдан зерттеу қазақ ономастикасының даму заңдылықтарын нақтылай түсіп, ақынның тілдік шеберлігін, ономастикалық бірліктерді қолданудағы көркемдік-эстетикалық мақсатын ашуға мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістері

I. Жансүгіровтің поэзиялық шығармаларындағы антропонимдер жүйелі түрде іріктеліп, оларды тақырыптық топтарға бөлу арқылы сипаттамалы әдіс жүзеге асырылды. Бұл тәсіл зерттеу материалын толық қамтып, мәтіндік деректерді нақтылауға мүмкіндік берді. Этимологиялық талдау әдісі арқылы әрбір антропонимнің шығу төркіні, тарихи дамуы мен семантикалық қабаттары анықталды. Бұл тәсіл халықтық дүниетанымда

сақталған көне атаулардың мәнін ашуға мүмкіндік берді. Сонымен бірге салыстырмалы-тарихи әдіс қолданылып, Жансүгіров шығармаларында кездесетін антропонимдер қазақтың дәстүрлі антропонимдік қазынасымен, сондай-ақ кейбір түркі халықтарының есімдерімен салыстырмалы тұрғыдан қарастырылды. Ал этнолингвистикалық талдау әдісі кісі аттарының тек тілдік емес, сонымен қатар мәдени-әлеуметтік мазмұнын, халықтың рухани құндылықтарын бейнелеудегі орнын анықтауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер және талқылау

Ақын шығармаларында кездесетін антропонимдерді жинақтап, әрбір есімнің қойылу тарихын қарастыра келе халқымызда кісі есімдерінің халық өмірімен, этноспен, халықтың дүниетанымы мен болмысымен, тұрмыс-тіршілігімен, материалдық және рухани мәдениетімен, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпымен тығыз байланысты екендігіне көзімізді жеткіздік. Сөзімізге ғалым Ш.Уәлихановтың төмендегі пікір дәлел бола алады: «Ырым, яғни әдет-ғұрып деп – алдын-ала бір нәрседен хабар беру тұрғысында орындалатын салтты айтады. Мәселен, ұлды болмай, үнемі қыз көретін ата-ана өзінің соңғы туылған қызына Ұлтуған деген есім береді, мұның өзі кейінгі перзентінің ұл болсын деген үміт-тілегінен туындайды» [3, 163-6.].

І.Жансүгіровтің өлең жолдарында кездесетін *Ұл+жалғас*, *Ұл+жан* антропонимдерінің этимологиясы ұрпағымыз ұлмен жалғассын, шаңырамызда ер бала, атұстар өмірге келсін деген мағынада екендігі анық.

Ұлжалғас! Әй Ұлжалғас!

Тұр, қауза, қазан ас!

Кеуігіп қалармыз,

Қазанға қарап болмас [4, 93-6.].

Халқымызда бұл наным-сенімнің өте ертеден бастау алып, әлі күнге дейін қолданыста екендігін қазіргі таңда қыздар арасында *Ұлтан*, *Ұлболсын*, *Ұлдана*, *Ұлданай*, *Ұлжалғас*, *Ұлтуар* секілді есімдердің ұшырасуынан анық түсінеміз.

Қазақта шаңыраққа ұл бала дүниеге келсін деген арман-тілектен бөлек, нәрестенің ғұмыры ұзақ болсын деген ниеттен туындаған есімдер де кездеседі. Ғалым Т.Жанұзақтың пікірінше халқымыз мұндай есімдер жаңа туылған баланы табиғи апаттар мен мезгілсіз ажалдан сақтап қалады деп сенгендіктен қойылғанын айта келіп, мысал ретінде *Өмірұзақ*, *Жүзбай*, *Мыңжасар* секілді есімдерді атап көрсетеді [5, 9–10-бб.].

Илиястың «Мақпал» атты поэмасында кездесетін «Ұзақ» антропонимінің қойылуы да оның өмір жасы ұзақ болсын, жүз жасасын, мың жасасын деген тілекке негізделген.

Мәңгіден мәңгіген су, мөңреген сүт,

Исінген, елжіреген ен даласы.

*Текті құс, тентек Ұзақ өскен сонда,
Саурықтың анау айтқан бел баласы [6, 21-б.].*

Қазақ халқы жаңа туылған нәрестеге ұнамсыз, жаман есімдерді баланы тіл-көзден, бәле-жаладан, жын-шайтаннан қорғау мақсатында қойған. Алайда қазіргі таңда ата-аналар балаларына мағыналы, мәнді әрі заманауи есімдерді қоюға тырысқанымен, жоғарыда айтылған есімдер әлі күнге фамилия, тегі ретінде қолданыста жүр. Ілияс Жансүгіровтің шығармаларында осы ырымға байланысты кездесетін кісі аттары: *Сасық бай, Таз сұлтан, Тәйкөт, Тезек* және т.б.

*Белгілі: бек болғаны хан Тезектің,
Ұлы жүз баласына Бәйдібектің.
Іленің екі жүзін төре сұрап,
Тұрғаны Жалайырда төре Сөктің [6, 20-б.].*

Мысалға алатын болсақ, тезек дегеніміз – жылқының, сиырдың далада жатып кепкен, отқа жағуға болатын кесек қиы [7, 217-б.]. Ал баласына осындай есімдерді қоюға жоғарыда айтылған себептер түрткі болған. Демек, мұндай есімдер сырттай қарағанда жаман естілгенімен, халқымыздың ұғымында олар баланы қорғайтын, өмірін сақтайтын және болашағына игілік тілейтін символдық мәнге ие болғанын түсінеміз.

Ақын шығармаларында кездесетін антропонимиялық атауларды қарастыра келе, біздің ата-бабаларымыздан бастап қазіргі күнге дейін жабайы аңдар мен құстардың аттарын кісі аттары ретінде қою жиі байқалды. Мұндай дәстүрдің түп-тамыры табиғатпен етене өмір сүрген көшпелі тұрмыс пен тотемдік нанымдарға барып тіреледі. Мұндағы басты мақсат жаңа туған нәресте де аң мен құстар секілді еркін, тәуелсіз болсын, сол аң мен құстың бойындағы жүйріктік пен мықтылық секілді түрлі қасиеттерді бойына сіңіріп өссін деген қалау. Ақын поэзиясында мұндай атаулардың қатарына *Қоңызбай, Борсықбай, Бұғыбай* және т.б. кездестіреміз.

*«Бердім мен ханшаға», - деді Кене,
Сатса да, сойса дағы өз еркінде!
«Екі емес хан жарлығы» десіп жатыр,
Бұғыбай, Бақай, Бұқай дегендер де [6, 180-б.].*

Адамзат тіршілік еткеннен бері оның тұрмысында қолданған, сол ұлтқа ғана тән материалдық дүниелері мен салт-дәстүрлері болатыны анық [8, 119-б.]. Ал сол дүниелер ономастикалық атауларда, соның ішінде антропонимдердің бойында көрініс береді.

Халқымыздың дәстүрлі есім қою жүйесінде төрт түлік мал атауларына байланысты есімдердің орны ерекше. Мал – қазақ өмірінің тірегі, байлық пен берекенің нышаны болғандықтан оған қатысты қойылған антропонимдер көбіне тілеулік, ырымдық мақсатта қойылған. Мұндай есімдердің түбінде

ата-аналардың балаларына несібе, дәулет, ырыс-береке тілеп, алдағы уақытта малы көп болсын, қорасы қойға, ірі қараға толсын деген тілеуі жатыр. Ақынның поэзиялық шығармаларында *Қойлыбай, Қойшыбай, Бұқабай, Бұқаиш, Ақмарқа, Қозыбай және т.б. есімдер* кездеседі.

*Ауылы **Қойлыбайдың** қолат қонған,
Сілбірең ұзақ сары таң жауын болған.*

Тон, шалбар түні бойы көксоқта боп,

Қорада қой күзетіп қойшы тонған [4, 141-б.].

Тіпті төрт түлік малға қатысты мұндай есімдер тек ұл балаларға ғана емес, қыздарға да қойылғанын төмендегі өлең жолдарынан көре аламыз.

Және де жақынынан жарды сүйген,

Сол үшін ауыл-аймақ, безген үйден,

*«Алам» деп **Ақмарқаны** алас ұрып,*

Ала алмай ақырында жаны күйген [6, 317-б.].

Берілген өлең жолдарындағы марқа – ересек тартқан, марқайған, есейген қозы [7, 212-б.]. Мұндағы «Ақ» сөзінің түпкі мағынасы көне түркі тілінде «жарық, таза» және түс атауын білдіргенімен, кейіннен тазалықтың, адалдықтың, ізгіліктің символына айналған [9, 116-б.].

Қазақ антропонимиясында «бай», «хан», «бек», «сұлтан» сияқты әлеуметтік мәртебе мен билік ұғымдарын білдіретін компоненттермен жасалған есімдер ерекше топ құрайды. Бұл сөздер көне түркі дәуірінен бастап қоғамдағы жоғары әлеуметтік тапты, билік иелерін, байлық пен абыройды бейнелейтін атаулар болған [10, 12-б.]. Уақыт өте келе олар есім құрамында жиі қолданылып, тілеулік, әлеуметтік және символдық мәні бар антропонимдерге айналған. Мұндай есімдер бүгінгі таңда да ел арасында жиі ұшырасады. Ақын шығармаларында кездесетін *Нұрбай, Дүйсекбай, Жақсыбай, Қойлыбай, Боранбай, Жарқынбай, Туғанбай, Жоңқабай, Баямбай, Дауылбай, Олжабай, Молықбай, Мырқымбай, Күреңбай, Ақылбай, Сүйеубек, Исабек, Мұсабек, Бәйдібек, Шабданбек* және т.б. есімдер осының дәлелі. Сөзімізге мысал ретінде төмендегі мына жолдарды ұсынамыз:

*Баласы **Балтабайдың Шабданбекті,***

Оны да Асан әкеп беріп кетті.

Бірге оқып, Мақпал оны «нағашым» деп,

Бірге өсті, бірге жүрді балдан тәтті [6, 31-б.].

Мұндағы «Шабдан» тәжік тілінен аударғанда «мәңгі бақи», «мәңгілік», «ажалсыз» деген мағынаны [11], ал «бек» ру мен тайпа басшысы деген мағынаны білдіреді. Сөзбе-сөз аударғанда «мәңгі мырза», «мәңгі басшы», яғни мұнда да қазақ есімдеріндегі тілеулік мәнге сай келеді. Яғни, ата-ана баласына мәңгі абыройлы, халық арасында беделі бар, белгілі бір мөлшерде

элеуметтік топты басқаратын басшы болсын, өмірі ұзақ болсын деген тілекпен қойылған есім.

Илияс Жансүгіровтің өлеңдері мен поэмаларында кездесетін антропонимдердің келесі бір тақырыптық тобы – металдық атаулар мен түрлі әшекей бұйымдарға байланысты есімдер. Аталған антропонимдер халқымыздың алтын, күміс, болат секілді қымбат металдармен ежелгі кезеңдерден бастап таныс екендігін көрсетеді. Мұндай есімдер халқымыздың ежелгі түсінігі мен дүниетанымынан туындап, баланың мінезі мен қасиетін асыл металдардың сапасымен салыстыру негізінде қалыптасқанын көрсетеді. Мысал ретінде ақынның «Ит-ай» өлеңінде Алтынай есімінің 17 рет ұшырасуын келтіре аламыз:

Ай, нәрәтшік ит-ай.

Туу обалы жібермегір-ай.

Құдай-ай, ит-ай. (Тағы да дауыстап.)

– Алтынай? Ай, Алтынай!

Нағып байланып қалдың?

Бақытсыз құдың қатыны-ай! [4, 175-б.].

Алтын – түркі тілдеріне ортақ, асыл металл атауы. Мұндағы, «алтын» сөзінің түптөркіні мен түркі тілдерінде қолданылуы туралы ғалым К. Күркебаев: «**Алтын** сөзі бірсыпыра түркі тілдерінде бір ғана *металл* мағынасында, кейбір тілдерде *металл*, *ақша*, *нұл* және *оқа* мағынасында қолданылған. Мысалы, қырғыз тілінде *алтын* – қызғыш сары түсті металл, өзбек тілінде *олтин* – сарғыш қызыл түсті қымбат бағалы металл; башқұрт тілінде *алтын* – металл; бұйым, теңге, оқа (зер) мағынасында қолданылады. *Алтын* сөзінің шығу төркініне байланысты кезінде Д. Н. Ушаков, В. А. Богородицкий, М. Фасмер, В. И. Цинциус т.б. ғалымдар пікір айтқан. Бір топ ғалымдар сөз төркінін *алты* (сан есім) сөзімен, бір тобы *алты тиін* сөзімен, бір тобы татар тілінің теңге мағынасындағы *алтун* сөзімен байланыстырады» [12, 142-б.], – деп, қорыта айтқанда, *алтын* атауы аталған металлдың түсіне байланысты қойылған деп тұжырымдайды.

Уақыт өте келе бұл сөз сұлулық пен тазалықтың да символына айналып, қыз баланың мінезі де, келбеті де алтындай жарқыраған, сыпайы, көркем болсын деген тілекке, алтын секілді қолжетпес құнды болсын деген ниетке ауысқанын түсінеміз.

Әшекей бұйым түрлеріне байланысты қойылған *Сырғайбай* антропонимі ақынның «Некешілер» өлеңінде кездеседі:

Сырғайбайдан келеміз...

Көрмегелі көп болды,

Сізге сәлем береміз... [4, 92-б.].

Сырға сөзінің түпкі мағынасы жөнінде В. Радлов бұл сөздің орыс тіліндегі мағынасы «*сережка*» екенін айтып, бұл атаудың шағатай тіліне тән екендігін жазады. Ғалым асырға атауын «*ілу*», «*асу*», «*тағу*» мағынасын білдіретін ас етістігі арқылы пайда болған деп жорамалдайды [13, 542-б.]. Ал мұндағы бай: байлықтың иесі, аса дәулетті ықпалды адам, мырза деген мағыналарды білдіреді. Демек, Сырғайбай – әшекей бұйым атауынан туындаған, бай компонентімен бірігіп жасалған, «сұлулық пен ырыстың, сән мен берекенің иесі» деген мағынаны білдіретін антропоним. Бұл есім қазақ халқының әсемдікке, молшылық пен игілікке деген тілегін бейнелейтін есімдердің қатарына жатады.

Ілияс Жансүгіров шығармаларында кездесетін антропонимдердің тағы бір түрі – ру атауларына байланысты қойылған есімдер. Бұл топтағы кісі аттары халқымыздың этникалық құрылымы мен рулық жүйесін танытып, жеті атасы мен ата-текке деген құрметін бейнелейді. Мұндай антропонимдер көбінесе адамның шыққан жерін, тегін айқындау, туыстық бірлікті сақтау мақсатында қойылған. Ру атауларына байланысты ақын шығармаларында *Қожа*, *Қожағұл*, *Қожакең* есімдері кездеседі. Мысалы:

Жетім Жамал тоқалдыққа сатылған,

Теперішті көрген күндес қатыннан.

Қойнына алып Қожағұл шал жататын,

Сабадай боп күнге көннен қатырған [4, 199-б.].

Ғалым Т.Жанұзақ бұл атаудың шығу төркіні араб тіліндегі *ходже* сөзінен шыққанын айта келіп, оның «ұстаз, мырза, көпес, бай, қожайын» деген мағыналарды білдіретінін жазса [11], ал Орта Азияға Ислам дінінің таралуы негізінде ислам өркениеті мен қазақ мәдениетінің тоғысуынан пайда болған ерекше этникалық ру. Халық арасында аталған ру өкілдерінің ұрпағына «Қожа» тіркесімен есімқою дәстүрі ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқанын бүгінгі таңда да кездестіреміз. Бұл есімдер — ру мүшелерінің өзіндік таным-түсінігін, дінге қатысын, ата-баба рухына деген құрметін көрсетеді.

Қорыта айтқанда, Ілияс Жансүгіров поэзиясындағы антропонимдер – ақынның ұлттық болмыс пен тарихи жадты көркемдік тұрғыдан жеткізудегі негізгі тілдік құралдардың бірі. Ақын антропонимдер арқылы қазақ халқының ерлік кезеңін, рухани құндылықтарын және адамгершілік мұратын өз шығармаларына қосады. Әрбір кісі аттары белгілі бір дәуір шындығын, әлеуметтік ортаны немесе моральдық ұстанымды танытады. Сонымен қатар, антропонимдер поэзияның ырғақтық, эмоционалдық және мағыналық үйлесімін арттырып, ұлттық идеяны терең мазмұнда жеткізеді. Демек, Жансүгіров шығармаларындағы антропонимдер – халықтың рухани дүниесі

мен мәдени жадын сақтап, оны көркем тіл арқылы келесі ұрпаққа жеткізетін маңызды поэтикалық әрі этнолингвистикалық құндылық болып табылады.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала 2023–2025 жылдарға арналған АР19680053 «Гуманитарлық ғылымдар даму процесіндегі Ілияс Жансүгіров мұрасы: ХХІ ғасыр контекстінде» тақырыбындағы ҚРҒЖБ гранттық қаржыландыруымен жүзеге асырылып жатқан жоба аясында жазылды.

Қорытынды

Қорыта айтқанда, Ілияс Жансүгіров поэзиясындағы антропонимдер жүйесін талдау арқылы олардың көпқырлы лингвомәдени және көркемдік қызметін айқындауға мүмкіндік берді. Жинақталған антропонимдер тақырыптық және семантикалық тұрғыда жүйеленіп, олардың тарихи-этимологиялық түптөркіні, поэтикалық қызметі мен көркемдік мәні сараланды. Зерттеу нәтижелері антропонимдердің тек номинативті (атауыштық) емес, сонымен қатар поэтикалық-экспрессивтік қызмет атқаратынын, ұлттық болмыс пен тарихи жадты бейнелеуде маңызды рөл атқаратынын көрсетті. І. Жансүгіров қолданған антропонимдер ұлттық дүниетанымның, тарихи жадтың және тілдік эстетиканың көрінісі ретінде қазақ поэзиясының ономастикалық кеңістігін байытып, халықтың рухани құндылықтарын көркем тіл арқылы ұрпаққа жеткізудің маңызды құралы болып табылады.

Пайдаланылған деректер тізімі

1 **Амирбекова, У. А.** Антропонимдердің лингвомәдени ерекшеліктері [Мәтін]. – Алматы : ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2010. – № 4 (128–129). – Б. 14–16.

2 **Қалиев, Ғ.** Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі [Мәтін]. – Алматы : «Сөздік-Словарь», 2005. – 440-б.

3 **Валиханов, Ч. Ч.** Избранные произведения // Под ред. акад. АН Каз ССР А. Х. Маргулана [Текст]. – Алма-ата, 1958. – Т. 1. – 163 с.

4 **Жансүгіров, І.** Көп томдық шығармалар жинағы. Өлеңдер. Т. 1. / Құрастырған Кыхметова Ш. [Мәтін]. – Алматы : «Баянжүрек» баспасы, 2019. – 528-б.

5 **Жанузаков, Т.** Очерк казахов ономастики [Текст]. – Алма-Ата: Наука, 1982. – 176-с.

6 **Жансүгіров, І.** Көп томдық шығармалар жинағы. Поэмалар. Т. 3. [Мәтін]. – Алматы : «Қазығұрт» баспасы, 2004. – 408-б.

7 **Құралұлы, А.** Қазақ дәстүрлі мәдениетінің энциклопедиялық сөздігі [Мәтін]. – Алматы : «Сөздік-Словарь», 1997. – 368-б.

8 **Jakypbekova, M.** et al. Cognitive Characteristics of Ethnographisms Related to Material Culture (Based on Ethnographic Poems of Ilyas Zhansugurov) [Text] // Eurasian Journal of Applied Linguistics, No. 11(2) / 2025. – P. 109–121. – URL: <https://www.scopus.com/pages/publications/105009228636>

9 **Севортян, Э. В.** Этимологический словарь тюрских языков: Общетюрские и межтюрские основы на гласные / АН СССР. Ин-т языкознания [Текст]. – М. : «Наука», 1974. – 768 с.

10 **Ахметжанова, З. К., Мусабекова, У. А.** Антропонимы казахского и русского языков: функциональная мотивация [Текст]. – Алматы : КазУМОиМЯ, 2006. – 128 с.

11 Sozdikqor.kz – [Electronic Kazakh Language Dictionary]. – [Electronic resource]. – URL: <https://sozdikqor.kz/>

12 **Күркебаев, К.** Қазақ тілінің рухани және материалдық лексикасы: оқу құралы [Мәтін]. – Алматы : Қазақ университеті, 2013. – 191-б.

13 **Радлов, В.** Опыт словаря... [Текст]. – Санкт-Петербург, 1910. – Т. 3. – 1176 с.

References

1 **Amirbekova, U. A.** Antroponimderdiñ lingvomädeniettik erekshelikteri [Linguocultural Features of Anthroponyms] [Text]. – Алматы : QazÜU Habarshysy. Philologia Seriasy, 2010. – № 4 (128–129)., – P. 14–16.

2 **Qaliev, Ğ.** Til bilimi teriminderiniñ túsindirme sözdigi [Explanatory Dictionary of Linguistic Terms] [Text]. – Алматы: «Sözdik–Slovar», 2005. – 440 p.

3 **Valikhanov, Ch. Ch.** Izbrannye proizvedenia [Selected Works] / Ed. by A.Kh. Margulan, Acad. of Sci. KazSSR [Text]. – Alma-Ata, 1958. – Vol. 1. – 163 p.

4 **Zhansúgirov, I.** Köptomdyq shyǵarmalar zhiynaǵy. Óleñder. T. 1 / Qūrastyrǵan Kiyakhmetova, Sh. [Collected Works. Poems. Vol. 1 / Compiled by Sh. Kiyakhmetova] [Text]. – Алматы: «Bayanzhúrek» Baspasy, 2019. – 528 p.

5 **Zhanuzaqov, T.** Ocherk kazakhskoi onomastiki [Essay on Kazakh Onomastics] [Text]. – Alma-Ata : Nauka, 1982. – 176 p.

6 **Zhansúgirov, I.** Köptomdyq shyǵarmalar zhiynaǵy. Poemalar. T. 3 [Collected Works. Poems. Vol. 3] [Text]. – Алматы : «Qazyǵúrt» baspasy, 2004. – 408 p.

7 **Quralúly, A.** Qazaq дәstúrli мәdenietiniñ ensiklopedialyq sözdigi [Encyclopedic Dictionary of Kazakh Traditional Culture] [Text]. – Алматы : «Sözdik–Slovar», 1997. – 368 p.

8 **Jakypbekova, M.** et al. Cognitive Characteristics of Ethnographisms Related to Material Culture (Based on Ethnographic Poems of Ilyas Zhansugurov) [Text] // Eurasian Journal of Applied Linguistics, No. 11(2). –

2025. – P. 109–121 [Electronic resource]. – URL: <https://www.scopus.com/pages/publications/105009228636>

9 **Sevortyan, E. V.** Etimologicheskii slovar' tiurkskikh iazykov: Obshhettiurkskie i mezhtiurkskie osnovy na glasnye [Etymological Dictionary of Turkic Languages: Common Turkic and Inter-Turkic Roots on Vowels] [Text]. – Moscow : «Nauka», 1974. – 768 p.

10 **Akhmetzhanova, Z. K., Musabekova, U. A.** Antroponimy kazakhskogo i russkogo iazykov : funktsional'naia motivatsia [Anthronyms of Kazakh and Russian Languages: Functional Motivation] [Text]. – Almaty : KazUMOiMiA, 2006. – 128 p.

11 Sozdikqor.kz – [Electronic Kazakh Language Dictionary]. – [Electronic resource]. – URL: <https://sozdikqor.kz/>

12 **Kúrkebaev, K.** Qazaq tiliniñ ruhani zhāne materialdyq leksikasy: Oqu qūraly [Spiritual and Material Vocabulary of the Kazakh Language : Textbook] [Text]. – Almaty : Qazaq Universiteti, 2013. – 191 p.

13 **Radlov, V.** Opyt slovaria... [A Dictionary Attempt...] [Text]. – Sankt-Peterburg, 1910. – Vol. 3. – 1176 p.

27.07.25 ж. баспаға түсті.

15.10.25 ж. түзетулерімен түсті.

25.11.25 ж. басып шығаруға қабылданды.

*Н. Ж. Мырзабек¹, *Ш. А. Кыяхметова², М. Т. Джакытбекова³*

^{1,2,3}Жетысуский университет имени И. Жансугурова,

Республика Казахстан, г. Талдыкорган.

Поступило в редакцию 27.07.25.

Поступило с исправлениями 15.10.25.

Принято в печать 25.11.25.

ИСТОРИКО-ЭТИМОЛОГИЧЕСКАЯ ХАРАКТЕРИСТИКА АНТРОПОНИМОВ В ПОЭЗИИ ИЛЬЯСА ЖАНСУГУРОВА

В статье обобщены антропонимические названия, встречающиеся в стихотворениях и поэмах Ильясa Жансугурова, и всесторонне рассмотрены их роль в художественном произведении, историко-этимологическое происхождение, мотивация и семантические слои. Исследованы смысловая основа каждого имени, его культурно-историческая природа и место в национальном языковом сознании. Анализ показал, что антропонимы, использованные поэтом, тесно связаны с мировоззрением народа, его обычаями, традициями и

этнографическим бытом. Имена собственные были рассмотрены по нескольким содержательным направлениям: имена, возникшие из народных верований; имена, данные с целью защиты от сглаза и различных бед; имена, связанные с пожеланием долголетия, благополучия и счастья; антропонимы, образованные от названий домашних животных, диких зверей и птиц; имена, происходящие от названий драгоценных металлов и ценных предметов; а также антропонимы, восходящие к родовым и этническим обозначениям. Такое разграничение позволило раскрыть не только языковые, но и культурные, исторические и мировоззренческие особенности антропонимов в творчестве поэта. В результате исследования установлено, что антропонимы в поэзии И. Жансугурова являются отражением мировоззрения и социокультурного опыта казахского народа. Через имена, использованные поэтом, проявляются национальная история, этнолингвистическое мышление и духовные ценности. В этом отношении антропонимы в поэзии Ильяса Жансугурова признаны ценным языковым и культурным источником, расширяющим художественное пространство казахской ономастики и раскрывающим взаимосвязь и преемственность национальной культуры и духовного наследия.

Ключевые слова: антропоним, ономастика, этимология, имена собственные, национальное мировоззрение, этнолингвистика.

*N. Myrzabek¹, *Sh. Kiyakhmetova², M. Jakypbekova³*

^{1,2,3}Zhetysu University named after I. Zhansugurov,

Republic of Kazakhstan, Taldykorgan.

Received 27.07.25.

Received in revised form 15.10.25.

Accepted for publication 25.11.25.

HISTORICAL AND ETYMOLOGICAL FEATURES OF ANTHROPONYMS IN THE POETRY OF ILYAS ZHANSUGUROV

The article summarizes the anthroponymic names found in the poems and epics of Ilyas Zhansugurov and provides a comprehensive analysis of their role in literary works, historical and etymological origins, motivation, and semantic layers. The semantic basis and cultural-historical background of each name are examined, along with its place in the national linguistic consciousness. The study reveals that the personal names used by the poet

are closely related to the worldview, customs, traditions, and ethnographic identity of the Kazakh people. The anthroponyms are analyzed according to several semantic groups: names derived from folk beliefs; names given to protect against the evil eye and misfortune; names associated with wishes for longevity, prosperity, and happiness; anthroponyms linked to domestic animals, wild beasts, and birds; names derived from precious metals and valuable objects; as well as those originating from clan and ethnic group names. This classification made it possible to reveal not only the linguistic but also the cultural, historical, and worldview aspects of anthroponyms in the poet's works. The results of the study show that anthroponyms in Zhansugurov's poetry reflect the worldview and socio-cultural experience of the Kazakh people. Through the names employed by the poet, national history, ethnolinguistic cognition, and spiritual values are vividly manifested. In this regard, the anthroponyms in Ilyas Zhansugurov's poetry are recognized as valuable linguistic and cultural sources that expand the artistic scope of Kazakh onomastics and demonstrate the interconnection and continuity of national culture and spiritual heritage.

Keywords: anthroponym, onomastics, etymology, personal names, national worldview, ethnolinguistics.

Теруге 25.11.2025 ж. жіберілді. Басуға 26.12.2025 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

5,64 МБ RAM

Шартты баспа табағы 37,98. Таралымы 300 дана.

Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. К. Темиргалинова

Корректорлар: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Тапсырыс № 4484

Сдано в набор 25.11.2025 г. Подписано в печать 26.12.2025 г.

Электронное издание

5,64 МБ RAM

Усл. печ. л. 37,98. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. К. Темиргалинова

Корректоры: А. Р. Омарова, Д. А. Кожас

Заказ № 4484

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: kereku@tou.edu.kz

www.vestnik.tou.edu.kz